

Тексерген б\б менгерушісі:



Левченко И.Г.

**МКҚК №8 «БОЛАШАҚ » БӨБЕКЖАЙ -БАҚШАСЫНЫҢ
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛІНДЕГІ АРАЛАС ОРТАҢҒЫ ТОБЫ «СМЕШАРИК»
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
3-ЖАС**

Түсінік хат

2024– 2025 оку жылында МКҚ К №8 «Болашақ»бөбекжай-балабақшасы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі Стандарты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндettін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
- «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама), Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын менгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

1. Физикалық қасиеттерді даму - дene шынықтыру аптасына үш рет
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет , қазақ тілі күн сайын.
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту – математика негізі күн сайын.
4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мұсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музыка аптасына бір рет.
5. Элеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру – коршаған ортамен таныстыру күн сайын.

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Ортанды топ Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Кыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Негізгі кимылдар: Біркалыпты, аяктың ұшымен, тіzenі жоғары көтеріп журу.</p> <p>Тепе - тендікті сактау. Тепе-тендікті сактай отырып, бір кырымен косалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см) журу.</p> <p>Жүтіру. Бірқалыпты жүтіру.</p> <p>Домалату, лактыру, қағып алу. Заттарды он және сол қолмен қашықтыққа лактыру (2,5-5 м қашықтық),</p> <p>Енбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тұра енбектеу.</p> <p>Секіру. Тұрган орнында қос аякпен секіру.</p> <p>Сапка тұру, қайта сапка тұру. Бірінің артынан бірі сапка тұру.</p> <p>Ыргактық жаттығулар. бұрын үрленген жаттығуларды және кимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p>	Бірқалыпты, аяктың ұшымен, тіzenі жоғары көтеріп жүреді. Жүруде тепе-тендікті сактайды. он және сол қолмен қашықтыққа лактырады. Тұрган орнында қос аякпен, алға қарай жылжып, биіктікten және ұзындыққа секіреді.
	Сейлеуді дамыту	<p>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә,) дыбыстарды анық айтуга үрнету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау.</p> <p>Сөздік кор: Балалардың сөздік корын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кенейту,</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктелуіне, қарай байланыстыру.</p> <p>Байланыстырып сейлеу: Суреттерді, заттарды қарастыруда.</p>	Дауысты дыбыстарды анық айтады; Ойындар арқылы сөздік коры дамиды. Сөздерді жіктелуіне, қарай байланыстырады; Суреттер мен заттар арқылы байланыстырып сөйлейді.
Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығу/ты ояту	Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру.	Суреттегі таныс кітаптарды эмоциональді түрде айта алады.
Математика негіздері	<p>Сан. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.</p> <p>Геометриялық фигурандар. Балаларды геометриялық фигура: ұшбұрышпен таныстыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дene мүшелерін бағдарлау</p> <p>Уақытты бағдарлау. Қarama-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз</p>		Балалар «бір», «көп» ұғымдарын ажыратады; екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыра алады. Геометриялық фигура: ұшбұрышты біледі. Өзінің дene мүшелерін бағдарлай біледі. Қarama-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлай біледі

Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қогамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. Өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауды, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.	Балалар өз құрдастарын, өзін балалар қогамының бір мүшесі ретінде сезінеге, әртүрлі ойындарды өз беттерімен ойнай алады.	
Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.	Құрастыруды қызығушылықпен орындауды;	
Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету.	сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сактайты.	
Мұсіндеу	Сазбалшықтан, ермексаздан мұсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мұсіндеуге үйрету.	Заттарды мұсіндеуге қызығады; сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі;	
Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.	Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді тандай алады;	
Музыка	Музыканы эмоционалды көніл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.	Музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таниды;	

Казан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қымылдар: Салта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру.</p> <p>Тепе - тендікті сақтау. Арқан бойымен жүру,</p> <p>Жүгіру. Аяқтың ұшымен жүгіру.</p> <p>Домалату, лақтыру, қағып алу. Төменинен екі қолмен көлденен нысанага лақтыру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу,</p> <p>Секіру. 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып,</p>	<p>Бір-бірден екеуден салта жүре алады. Арқан бойымен тепе-тендікті сақтап жүре алады.</p> <p>Көлденең нысанага, тік нысанага заттарды лақтырады. заттардың арасымен еңбектейді.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (е,о) дыбыстарды анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау.</p> <p>Сөздік қор: Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, сөздермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді септелуіне, қарай байланыстыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Тірі және өлі табигат нысандарын бақылау кезінде, алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</p>	<p>Дауысты дыбыстарды анық айтады. Сөздерді септелуіне қарай байланыстырады.</p> <p>Коршаған ортага қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді.</p>
	Казак тілі	<p>Тілдік дамытушы орта Дербес әрекеттерде, ауызекі сөйлеуге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеу кезінде тыныс алушы дамыту</p> <p>Сөздік қор: Күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарға байланысты сөздерді(бөле,аға,апа,iні,қарындас) айтқызу</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді көпше түрде қолдануға үйрету</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Балалардың айтатын сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру</p>	<p>Балалар дербес әрекеттерде ауызекі бір-бірімен сөйлеседі.</p> <p>Туыстық атауларды бөле,аға, апа, iні,қарындас сөздерін атайды.</p> <p>Сөздерді көпше түрде қолданады</p>
	Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тындау.</p>	<p>Көрген суреттері бойынша өз ойын айта алады.</p>
	Математика негіздері	<p>Сан. Заттардың санын ажыратуға үйрету:</p> <p>Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.</p> <p>Геометриялық фигураналар. Балаларды геометриялық фигура шаршыны таныстыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау:</p> <p>Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік боліктерін бағдарлау: тунде.</p>	<p>Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді;</p> <p>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыра алады.</p> <p>Геометриялық фигураны біледі.</p> <p>Осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай алады.</p> <p>Қарама-қарсы тәулік боліктерін бағдарлай біледі.</p>

Коршаған ортамен таныстыру	Еңбекке баулу Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың енбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтүшіге, аула сыйырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгөнін еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.	Балабақша және балабақша қызыметкерлерінің еңбектері туралы айта алады.
Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыш бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажыраты білуге, атауга және қолдануға үйрету,	әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыштар тұргызады;
Сурет салу	Көлденең және тік сзықтарды салу, олардың қылышуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу.	сзықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі;
Мұсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мұсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).	Мұсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады;
Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлышты қолдану.	желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген;
Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажыратада білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.	Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; музыканы тыңдау дағдыларын менгерген;

Айы	Үйымдастырылға н іс-әрекет	Ортаңғы топ Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Қараша	Дене шынықтыру	<p>Негізгі құмылдар: Эртүрлі бағытта: тұра, шенбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындаі отырып жүру.</p> <p>Тепе - тендікті сақтау. Тұра жолмен жүру.</p> <p>Жүгіру. Салта бір-бірден,</p> <p>Домалату, лактыру, қағып алу. Оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лактыру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу.</p> <p>Секіру. Құрсаудан құрсауга секіру.</p>	<p>Әр түрлі бағытта жүгіреді. Журуде тепе-тендікті сақтайды. Бір-бірден салта өз орнын табады. Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектей алады.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (ұ) дыбысын анық айтуда үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау.</p> <p>Сөздік қор: Заттарды жалпы (оыйнышқтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жинақ) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байту,</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді үстінде, астында, тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады. Естігені, көргені, туралы айтады.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Шығармаларды тыңдағаннан, алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</p>	
Казак тілі		<p>Тілдік дамытушы орта Бірлескен әрекеттері туралы келісуге жағдай жасау</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Есту қабілеттерін дамыту</p> <p>Сөздік қор Тұрмыстық заттардың атауларын дұрыс атату</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Бұйрық райлы етістіктерді қолдануға баулу (бар, кел, айт)</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу</p>	<p>Бір-бірімен әрекеттері туралы келіседі. Есту қабілеттері дамыған. Тұрмыстық атаулардың атауларын дұрыс атайды. Бар, кел, айт сөздерін қолданады. Сөйлеу үлгілерін сақтап әңгімелесе алады.</p>
Көркем әдебиет		Жаңа ертеғілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауга, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырылған танытуға тәрбиелеу.	Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді;

<p>Математика негіздері</p>	<p>Сан: Көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру Шама: Заттарды салыстыруды шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) Геометриялық фигуралер. Балаларды геометриялық фигурамен: дөңгелекпен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау. Үстінде-астында Уақытты бағдарлау: таңертен</p>	<p>біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді; Заттарды салыстыруды Шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша біледі. Геометриялық фигура: дөңгелекті біледі. Үстінде-астында айта алады. Уақытты бағдарлай біледі.</p>
<p>Коршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p>	<p>Көлік құралдарын атайды; жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі;</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыш материалдарын құрастыру. Құрастырылатын құрылышты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тактайшаларды тігінен катарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің түрғызған құрылышын талдауға баулу.</p>	<p>Құрастырылатын құрылышты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Бірнеше көлденен және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p>	<p>Тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады;</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндейді;</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау).</p>	<p>Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады;</p>
<p>Музыка</p>	<p>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тындауға, оларды есте сактауға және білуге; шығарманы сонына дейін тындауға үйрету.</p>	<p>Музыкалық шығарманы сонына дейін тындауды, музыканың сипатын түсінеді;</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ортаңғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Қол ұстасып жүру.</p> <p>Тепе - теңдікті сактау. Бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалармен жүру.</p> <p>Жүгіру. Алаңың бір жағынан екінші жағына, Домалату, лактыру, қағып алу. (1-1,5 м қашықтық) допты домалату.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Арқаның астымен еңбектеу.</p> <p>Секіру. Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру,</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау.</p>	Қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді. 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалармен жүре алады. Заттарды айналып және заттардың арасымен секіреді. Шанамен бір-бірін сүйреп ойнайды.
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыссыз (п-б,) дыбыстарды анық айтуды, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор: Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</p>	Дауыссыз(п-б,) дыбыстарды анық айтады. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді айта алады. Зат есімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады. Көрген мультфильмдерді ертегілер айта алады.
Казақ тілі		<p>Тілдік дамытушы орта Ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Көрнекілік арқылы, көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тындау</p>	Ортақ тақырыпта әңгімелеседі. Өзіне айтылған сөзді тындаиды. Жемістердің атауларын дұрыс атайды. Етістіктерді жекелей қолданады. Сұрақтарға жауап береді.

	<p>Сөздік қор: Жемістердің атауларын дұрыс айту</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт)</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу</p>	
Көркем әдебиет	Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.	әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізеді;
Математика негіздері	<p>Сан. Олардың біреуін бөліп көрсету.</p> <p>Шама: Бір затты екінші затпен беттестіру .</p> <p>Геометриялық фигура: Ұстau және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: алдында-артында.</p> <p>Уақытты бағдарлау: кешке</p>	біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді; Бір затты екінші затпен беттестіру біледі. Ұстau және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Уақытты бағдарлай біледі.
Коршаған ортамен таныстыру	<p>Менің Отаным – Қазақстан. Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.</p>	Тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының бас қаласы, мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие; қазақ халқының дәстүрлі киіз үйін біледі; тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының бас қаласы, мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие; қазақ халқының дәстүрлі киіз үйін біледі;
Құрастыру	Құрастырган құрылышпен сюжетті	Ойнап болған соң құрылыш бөлшектерін

	оыйншықтарды қолданып ойнату.	жинайды.
Сурет салу	Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрену.	Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады;
Мүсіндеу	Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бүйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.	Мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады;
Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция кұрастыруға баулу.	Ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді;
Музыка	Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудиобейнежазбадан музика тындауға үйрету.	Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қарапайым ырғакпен соғады;

Айы	Үйым/ған іс-әрекет	Ортаңғы топ Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін итіже
Қантар	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Арқаннан ұстап журу.</p> <p>Тепе - теңдікті сақтау. Қырлы тақтайдың бойымен журу.</p> <p>Жүгіру. Эр түрлі бағытта жүгіру,</p> <p>Домалату, лактыру, қағып алу. Оң және сол қолмен тік нысанана (нысана биіктігі-1,2 м) лактыру .</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Доганың астымен (биіктігі 40 см) еңбектеу.</p> <p>Секіру. 15-20 см биіктікten секіру,</p> <p>Спорттық жаттығулар: Шанамен бір-бірін сырғанату;</p>	<p>Арқаннан ұстап жүре алады. Жүруде тепе-тендікті сақтайды. Оң және сол қолмен қашықтыққа, көлденең нысанана, тік нысанана заттарды лактырады. Шанамен бір-бірін сырғанатады.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудін дыбыстық мәдениеті. дауыссыз (к-к,) дыбыстарды анық айтуды, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді жекеше түрде.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну.</p>	<p>Дауыссыз(к-к,) дыбыстарды анық айтады. Зат есімдерді жекеше түрде айта алады.</p> <p>Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді.</p>
	Казак тілі	<p>Тілдік дамытушы орта Сұрактарға жауап беруге баулу.</p> <p>Сөйлеудін дыбыстық мәдениеті Өзіне айтылған сөзді түсінуін дамыту</p> <p>Сөздік қор Жануарлардың атауларын дүрыс айтуды</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді байланыстырып үйретуду</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Таныс ертегілерді өздігінен айтуда баулу</p>	<p>Сұрактарға жауап береді. Өзіне айтылған сөзді түсінеді. Жануарлардың атауларын дүрыс атайды. Ертегілерді өздігінен дүрыс айтады</p>
	Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан ен қызықты, мәнерлі үзінділерді кайталады, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуда мүмкіндік беру.	оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады;
	Математика негіздері	Сан:	Коршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей

	<p>Коршаган ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрагына жауап беру.</p> <p>Шама: Жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру,</p>	затты табады; жанына қою тәсілдері арқылы салыстыра біледі.
Коршаган ортамен таныстыру	<p>Заттық әлем:</p> <p>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін карастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен касиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</p>	Кейбір көкөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады сипап сезуді таниды.
Құрастыру	Ұжымдық құрылыш жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыш бөліктерін жеке дайындау.	Ұжымдық құрылыш жасауға қатысады;
Сурет салу	Бояудын келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлышпен сүртіп кептіруді үрету.	Тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады;
Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіреді;
Жапсыру	Геометриялық фигуralардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз,	Геометриялық фигуralарды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді;
Музыка	<p>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұнды, көңілді) байқауға үрету.</p> <p>Ән айту.</p>	Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды;

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Ортаңғы топ Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін итіже
Ақпан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Токтал, жартылай отырып жүру Жүгіру. Тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру.</p> <p>Домалату, лактыру, қағып алу. Аяқтарын алшак койып, отырып, 1,5–2 метр кашықтықтан допты бір-біріне домалату.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Көлбеу модуль бойымен еңбектеу.</p> <p>Секіру. Ілініп тұрган затқа қолды тигізіп, Спорттық жаттығулар: Биік емес төбеден сырғанау;</p>	Жартылай отырып, заттарды айналып жүреді. Шеңбер бойымен, шашырап, заттарды айналып жүгіреді. Ілініп тұрган затқа қолды тигізіп секіре алады.
Сөйлеуді дамыту		<p>Сөйлеудін дыбыстық мәдениеті. дауыссыз (т-д,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нактылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді көпше түрде.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану.</p>	Дауыссыз (т-д,) дыбыстарды анық айтады. Зат есімдерді көпше түрде біледі. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс айта алады..
Қазақ тілі		<p>Тілдік дамытушы орта Өз бетінше кітаптарды қарауға үйрету</p> <p>Сөйлеудін дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу</p> <p>Сөздік қор төрт түлік атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөз тіркесін қурастыруға үйрету</p>	Өз бетінше кітаптарды қарайды. Ә дыбысын өздігінен дұрыс айтады. Төрт түлік атауларын дұрыс айтады. Шағын шығармаларды мазмұны бойынша дұрыс қайталап айтады

	Байланыстырып сөйлеу Шагын шығармаларды мазмұны бойынша қайталап айтуга баулу	
Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды;
Математика негіздері	Сан: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы. Шама: Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-ұзын-қыска, бірдей, тең салыстырады.	Екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады; Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-ұзын-қыска, бірдей, тең салыстырады.
Коршаған ортамен таныстыру	Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылыштар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назары танытады; адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, камкор, сезімтал және іскер, еңбеккор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.	Балалар «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылыштар) туралы қарапайым түсініктерге ие; тірі және өлі табигат заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады;
Құрастыру	Өздерінің құрастырган бүйімдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылышпен бірге ойнату.	Өзі құраган құрылышымен ойнайды;
Сурет салу	Заттық сурет салу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету.	Қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды.
Мүсіндеу	Сазбалышық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді мүсіндеуге үйрету.	Сазбалыштың және ермексаздың қасиеттерін білед
Жапсыру	Геометриялық фигуralардың (дөңгелек, шаршы, ушбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.	Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздарда дайын пішіндерді таңдай алады;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Органды топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін итіже
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Бұрылып, заттарды айналып жүру.</p> <p>Жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқыльжүгіру.</p> <p>Домалату, лактыру, қағып алу. Заттардың арасымен, қақпана домалату.</p> <p>Еңбектеу, өрмелдеу. туннель арқылы еңбектеу .</p> <p>Секіру. Тұрган орнынан жоғары секіру,</p>	Заттарды айналып жүреді. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап Тұрган орнынан жоғары секіре алады.
	Сейлеуді дамыту	<p>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті. дауыссыз (ж-ш,) дыбыстарды анық айта алады.</p> <p>артыкуляциясын нактылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Байланыстырып сейлеу: Ересектермен диалог күру.</p>	Дауыссыз (ж-ш,) дыбыстарды анық айта алады. Бір-бірімен, ересектермен байланыстырып сөйлеседі;
	Казақ тілі	<p>Тілдік дамытуши орта Алған әсері мен қалауын білдіруге баулу</p> <p>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті К , і дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу</p> <p>Сөздік қор Баланың сөздік қорын дамытуда санамақ жаттауға баулу</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімді үйрету</p> <p>Байланыстырып сейлеу Шағын шығармалар бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу</p>	Алған әсері мен қалауын білдіре алады. қ, і дыбыстарын өздігінен дұрыс айтады. Санамақты жатқа айтады. Зат есімдерді атайды.шағын шығармалар бойынша сұрақтарға жауап береді
	Көркем әдебиет	Бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету,	Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдайды;
	Математика негіздері	Сан: Тен және тең емес заттар тобын салыстыру, Шама: Ені бойынша кен-тар, бірдей, тең.	Тен және тең емес заттар тобын салыстырады; Ені бойынша кен-тар, бірдей, теңді біледі.
Коршаған ортамен таныстыру		Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға үқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі	Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды.

		<p>заттардың атауларын сөйлегенде белсенді колдану, заттардың аткаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.</p> <p>Коршаган ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p>	
	Кұрастыру	<p>Кұрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану,</p>	күрылым бөліктегі ажыратады және атайды;
	Сурет салу	<p>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін кайталап салуға баулу.</p>	Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады;
	Мұсіндеу	<p>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білесік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мұсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мұсіндеу, оларды таяқшамен безендіру</p>	Қазақ халқының әшекей бұйымдарын біледі; заттар мен бұйымдарды өз бетінше мұсіндей алады;
	Жапсыру	<p>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.</p>	Балалар оюдың әсемдігін, оның орналасуын байқайды, олардың элементтерін бөліп көрсетеді; қазақ халқының ыдыс-аяқтары мен тұрмыстық заттарын біледі;
	Музыка	<p>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музикалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ыргакты қимылдар орындау.</p> <p>Музикалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандал жүреді, коян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музикалы сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталau.</p>	Қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ортаңғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Сәуір	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Еденге қойылған заттардан атта жүргү. Жұғіру. Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру. Домалату, лактыру, қағып алу. Допты жоғары лактыру, Еңбектеу, өрмелейу. Саты бойымен өрмелейу, Секіру. Сызықтан секіру,	Еденге қойылған заттардан атташ жүреді. Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіре алады. Допты жоғары-төмен лактырады, қағып алады; Саты бойымен өрмелейді. Сызықтан секіреді
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айтуды, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Байланыстырып сөйлеу: Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану.	Дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айтады. Кейіпкерлерді дауыс ырғағымен сипаттайтыды.
	Көркем әдебиет	Онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.	Сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады;
	Қазақ тілі	Тілдік дамытуши орта Сәлемдесуде өтінішін білдіруге, ырзашылдығын білдіруде сырттай сөйлеу әдебін сақтауға Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ү дыбысын өздігінен дұрыс айтуда баулу Сөздік қор Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақ жаттауға баулу Тілдің грамматикалық құрылымы Сын есімді үйрету Байланыстырып сөйлеу Шағын ертегі, шыгарма бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге баулу	Сәлемдесуде, өтінішін білдіруде сырттай сөйлейді. Ү дыбысын өздігінен дұрыс айтады. Тақпақты жатқа айтады. Шағын ертегі, шыгарма бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.
	Математика негіздері	Сан. «Тен бе?», Шама: биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тен.	ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады;
	Коршаған ортамен таныстыру	Өсімдіктер әлемі. Туган өлкенің кейір өсімдіктері туралы қарапайым	Туган өлкенің кейір өсімдіктері туралы түсініктердің менгерген;

	<p>түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлмекенде атайды;</p> <p>Жануарлар әлемі.</p> <p>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табигат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>кейбір көгөністер мен жемістерді дәмінен ажыратад</p> <p>Үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды.</p>	
Құрастыру	Ірі және ұсақ құрылым материалдарынан, ұлғи бойынша, ойдан құрастыру.	Ірі және ұсақ құрылым материалдарынан, ұлғи бойынша, ойдан құрастыра алады.	
Сурет салу	Сурет салуда қауіпсіздікті сактауға, ұқыптылыққа баулу.	Сурет салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сактайды;	
Мұсіндеу	Жаю тәсілдері арқылы заттарды мұсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).	Заттар мен бұйымдарды өз бетінше мұсіндей алады.	
Жапсыру	Жапсыру барысында қауіпсіздікті сактауға, ұқыпты болуға баулу.	Жапсыру барысында қауіпсіздікті сактайды.	
Музыка	Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би кимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би кимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.	Билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындаиды;	музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді;

Айы	Үйым/тан іс-әрекет	Органғы топ Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін иәтиже
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жан-жакқа баяу айналып жүру. Жүгіру. Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін). тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p>Домалату, лактыру, қағып алу. Төмен - еденге (жерге) согу, қағып алу.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық қабыргаға өрмелеу және одан түсу (білктігі 1,5 м).</p> <p>Секіру. Тұрган орнынан ұзындыққа 40 см кашықтыққа секіру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Ұш дөнгелекті велосипедті тұра, шенбер бойымен, онға және солға бұрылып тебу;</p>	Жан-жакқа баяу айналып жүреді. Қарқынды өзгертіп тоқтамай баяу қарқынмен жүгіреді. Допты еденге соғып қағып ала алады. Гимнастикалық қабыргаға өрмелейді және одан түседі. Тұрган орнынан ұзындыққа секіре алады. Ұш дөнгелекті велосипед тебу дагдыларын менгерген.
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқының өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Таныс ертегілерді ойнауда және сахналauғa ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p>	Дұрыс сөйлеу қарқынына ие; Таныс ертегілерді ойнай алады және сахналайды.
	Көркем әдебиет	Балаларды тақпактар мен шағын өлеңдерді жатқа айтудаға үйрету.	Тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады.
	Казак тілі	<p>Тілдік дамытуши орта Құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауга баулу</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ұ дыбысын өздігінен дұрыс айтудаға баулу</p> <p>Сөздік қор Жаңылтпаш жаттауға баулу</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Етістікті үйрету</p> <p>Байланыстырып сөйлеу</p>	Құрдастарын есімімен толық атайды. Ұ дыбысын өздігінен дұрыс айтады. Жаңылтпашты жатқа айтады. Шығарма, ертегілерді өздігінен қайталап айтады

	Шығарма, ертегілерді өздігінен қайталап айтуға баулу	
Математика негіздері	Сан. «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. Шама жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.	«Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап бере алады.. Жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілейді.
Коршаған ортамен таныстыру	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (сүйк, жылы, ыстық), табиғат күбылыстарын бакылау (маусымдық), бакылау күнтізбесінде жылдын қысқы көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-куйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сакта (санырауқұлактар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, кокыс қалдырмау, кокысты жинау, бұтактарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таянышта ұстай), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын аланында және құммен, сумен, қармен, ұсак заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын калыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау ұсак заттарды құлакка, мұрынға тықпау).	Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сактайты;
Құрастыру	Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сактауға, ұқыптылықка баулу.	Ойнап болған соң құрылыш бөлшектерін жинаиды.
Сурет салу	Құмға таякшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сактауға, ұқыптылыққа баулу.	Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сактайты;
Мүсіндеу	Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сактауга, ұқыпты болуга баулу.	Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сактайты; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады;
Музыка	Балаларды музыкалық аспаптармен: сыйызғы, металлафон, конырау, сылдырмак, маракас және	Балалар музика аспаптарын біледі, оларда ойнайды.

		<p>барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қаралайым дағдыларын менгеруге ықпал ету.</p>	
--	--	---	--